

2022 ЖЫЛҒЫ 7 ҚАРАШАДАҒЫ ПРОСПЕКТИГЕ
ТОЛЫҚТЫРУ



«ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» АҚ
(Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған акционерлік қоғам)

30 505 974-ке дейін Жай акцияларды ұсыну
Ұсыныс бағасы: бір Акция үшін 8 406 теңге

2022 жылғы 7 қарашадағы Проспект

АХҚО-ның Қаржылық қызметтері туралы негіздемелік Ережесінің 73-бөлімінің мақсаттары үшін қосымша проспекті болып табылатын осы құжат («**Проспектіге Толықтыру**») «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның («**Эмитент**») 2022 жылғы 7 қарашадағы Проспектісімен («**Проспект**») бірге оқылуға тиіс және Проспектіге толықтыру ретінде шығарылады.

Осы құжатта қолданылатын терминдер, егер басқаша көзделмесе, оларға Проспектіде берілген мағыналарға ие.

Проспектіге Толықтыруды АІХ 2022 жылдың 1 желтоқсанында бекітті.

Проспектіге осы Толықтыру АХҚО-ның тиісті Ережелері мен қағидаларымен белгіленген толықтық, түсініктілік және жүйелілік стандарттарына сәйкес келетіндігін бекітуге АІХ-ке өтінім берілді.

Жалғастырмас бұрын Проспектіге осы Толықтыру мынадай ескертпемен қоса оқылуға тиіс.

Төмендегі ескертпе қоса берілген Проспектіге Толықтыруға және Проспектіге қатысты қолданылады. Осыған байланысты, инвесторлар қоса берілген құжатты оқымас бұрын, оған қол жеткізбес бұрын немесе кез келген басқа пайдаланудан бұрын құжатты мұқият оқып шығуы жөн. Құжатқа рұқсат алу кезінде инвесторлар осындай рұқсат нәтижесінде бізден кез келген ақпаратты алған сайын, оларға кей кейде енгізілетін өзгерістерді қоса алғанда, мына ережелер мен шарттарды сақтауға келісесіз.

Проспектіге осы Толықтыру Проспектімен бірге оқылуы керек, осы құжатта қолданылатын терминдер Проспектіде көрсетілген анықтамаларға ие болады және Жай акцияларға инвестициялау туралы кез келген шешім кез келген инвестордың Проспектіні тұтастай қарауына негізделуге тиіс.

Проспект АІХ веб-сайтында www.aix.kz мекенжайы бойынша және Эмитенттің веб-сайтында www.kmg.kz мекенжайы бойынша жарияланған, ал Проспектіге Толықтыру аталған веб-сайттарда жарияланады.

(а) Проспектіге Толықтырудағы кез келген мәлімдемелер және (b) Проспектідегі немесе оған сілтеме арқылы енгізілген кез келген мәлімдеме арасында сәйкессіздік болған жағдайда, Проспектіге осы Толықтырудағы мәлімдемелер басым болады.

Проспектіге осы Толықтыру жарияланғанға дейін Ұсыныста ұсынылған Акцияларды сатып алуға немесе оларға жазылуға келіскен инвесторлар Ұсыныс мерзімі аяқталғанға дейін (Проспектіге Толықтыруда көрсетілгендей) өз өтінімдерін қайтарып ала алады. Инвесторлар қайтарып алу құқығын пайдаланғысы келсе, Жергілікті букраннерлерге немесе Халықаралық букраннерлерге (жағдайларға қарай) хабарласа алады.

Астана» Халықаралық Қаржы Орталығының Қор Биржасы (AIX) және онымен байланысқан компаниялар және олардың тиісті директорлары, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері Проспектіге осы Толықтырудың мазмұнына, соның ішінде оған енгізілген кез келген ақпараттың немесе мәлімдемелердің дұрыстығына немесе толықтығына жауап бермейді. Проспектіге Толықтыруға қатысты міндеттемеге Эмитент жауап береді. AIX, оның директорлары, лауазымды тұлғалары немесе қызметкерлері қандай да бір нақты инвесторға немесе инвестор типіне қатысты Проспектіге Толықтыру жататын бағалы қағаздардың жарамдылығын бағалаған жоқ. Осы Проспектіге Толықтырудың мазмұнын түсінбесеңіз немесе бағалы қағаздардың сіздің жеке инвестициялық мақсаттарыңыз бен жағдайларыңызға сәйкес келетініне сенімді болмасаңыз, онда уәкілетті қаржылық консультантымен кеңескен жөн.

ПРОСПЕКТИГЕ ӨЗГЕРІСТЕР НЕМЕСЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАР

2022 жылдың 1 желтоқсанынан бастап («**Күшіне ену күні**») Проспектіде көрсетілген ақпарат төменде сипатталған тәртіппен өзгертілуге және/немесе толықтырылуға тиіс.

Проспектіге осы Толықтырудың негізгі мақсаты қазақстандық және халықаралық институционалдық инвесторлар үшін Ұсыныс кезеңін төменде сипатталғандай 2022 жылдың 2 желтоқсанына дейін ұзарту туралы Эмитент пен Сатушы Акционердің шешіміне байланысты Проспектідегі Ұсыныс кезеңі туралы ақпаратты жаңарту болып табылады.

Тиісінше, Проспектіге мынадай өзгерістер енгізіледі:

1. Проспектінің сегізінші (8) бетіндегі ПРОСПЕКТИНІҢ ҚЫСҚАША МАЗМҰНЫ бөлімінің 4-тармағының – Акциялардың биржада ресми саудасына рұқсат ету туралы негізгі ақпарат – «Ұсыныстың шарттары мен кестесі» тармақшасының бесінші абзацы алып тасталсын және мынадай редакцияда жазылсын.

Ұсыныс кезеңі 2022 жылы 9 қарашада («**Ашылу күні**») сағат 12:00 (Астана уақыты бойынша) ашылады деп күтілуде және Өтініштерді бөлшек сауда инвесторлары мен институционалдық инвесторлар 2022 жылдың 2 желтоқсан күні сағат 15:00-ге дейін (Астана уақыты) ұсына алады («**Ұсыныс кезеңі**»).

2. Проспектінің елуінші (50) бетіндегі ҰСЫНЫС бөлімінің «AIX-тегі букбилдинг үдерісі» тармақшасының жетінші абзацы алып тасталсын және мынадай редакцияда жазылсын:

AIX-тегі букбилдинг үдерісі институционалдық инвесторлар үшін де бөлшек сауда инвесторлары үшін де 2022 жылы 2 желтоқсанда сағат 15:00-де аяқталады.

3. Проспектінің елу бірінші (51) бетіндегі ҰСЫНЫС бөлімінің «KASE-дегі букбилдинг үдерісі» тармақшасының төртінші абзацы алып тасталсын және мынадай редакцияда жазылсын:

KASE-дегі букбилдинг үдерісі институционалдық инвесторлар үшін де бөлшек сауда инвесторлары үшін 2022 жылдың 2 желтоқсанында сағат 15:00-де (Астана уақыты бойынша) аяқталады. 2022 жылдың 2 желтоқсанында KASE Сауда-саттық Мүшелерінде брокерлік шот ашқан инвесторлардың өтінімдері қабылданбайды.

4. Проспектінің жетпіс бесінші (75) бетіндегі ҰСЫНЫС бөлімінің «Инвесторлардың өтінішті қайтарып алу құқығы» тармақшасы алып тасталсын және мынадай редакцияда жазылсын:

Институционалдық инвесторларға және бөлшек сауда инвесторларына 2022 жылдың 2 желтоқсанында сағат 15:00-ге дейін өз өтініштерін қайтарып алуға рұқсат етіледі.

5. Проспектінің үш жүз отыз төртінші (334) бетіндегі ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР ГЛОССАРИЙІ бөлімінің «Ұсыныс кезеңі» терминінің анықтамасы алып тасталсын және мынадай редакцияда жазылсын:

«**Ұсыныс кезеңі**» Ашылу күнінен басталып 2022 жылғы 2 желтоқсанда 15:00-де (Астана уақыты бойынша) аяқталатын инвесторлар

акцияларға жазылуға (сатып алуға) Өтініш бере алатын кезең.

Проспектіге енгізілген басқа өзгерістер жоқ.

Эмитент Проспектіге Толықтыруда қамтылған ақпарат үшін жауапкершілікті өз мойнына алады. Эмитенттің білуінше және сенуінше (бұл жағдайды қамтамасыз ету үшін барлық ақылға қонымды шараларды қабылдаған) Проспектіге Толықтыруда қамтылған ақпарат фактілерге сәйкес келеді және ақпараттың импортына әсер етуі мүмкін ештеңе қалдырылмаған.